

табиғи адами қатынастардағы қайшылықтар мәселелері, тұрмыстық символика, хаос мәселесі, гармония мәселесі, адам дүниеге келгендегі, тойлардағы, адам қайтыс болғандағы әр түрлі дәстүрлер мен рәсімдер мәселесі т.б. Осы мәселеге арналған белгілі дәрежеде көлемді зерттеу жұмысы ретінде М.Ш.Хасанов пен Ж.Қарағұсованың «Космос казахской культуры» деген еңбегін атауға болады [5].

О.А.Сегізбаевтың жоғарыда көрсетілген еңбегінде қазақ фольклоріне төрт бөлімнің біреуі толығымен арналған. Кеңес кезінде бұл бағытта біраз зерттеулер болды. Ерекше көзге түсетін еңбек ретінде қазақ зерттеуші ғалымдарының бір кітапқа біріктірілген «Кочевники. Эстетика» деген еңбегін айтуға болады [6].

Әдебиеттер:

- 1.Сегізбаев О.А. История казахской философии. От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия . – Алматы: Ғылым, 2001. -456 с.
- 2.Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. –Алматы: Өлке, 1994. -208 с.
- 3.Каменский З.А. История философии отдельного народа // Вопросы философии.- 1968. № 3. -с.63-73.
- 4.Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. Оқулық. Алматы, «Қазақ университеті», 2006. -215 б.
- 5.Қарақұзова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. –Алматы: Евразия, 1993. – 79 с.
- 6.Кочевники. Эстетика:Познание мира традиционным казахским искусством.-Алматы: Ғылым, 1993. –264 с.

Білім және тәрбие мәселелері қоғамдық пікір тұрғысынан

Ілияс Әйтiмбет

Сулейман Демирель университетiнiң профессоры, ф.ғ.к.

XXI ғасыр сөзсіз білім, ғылым ғасыры. Бұл ғасырды ақпараттық ғасыр деп те атайды. Осылай атаудың негізінде білім, ғылымның нақты жетістігінің жиынтық атауы жатыр. Адамзаттың ғажайып жетістіктері осы білім мен ғылымның негізінде ашылған жаңалықтардың технологияға айналып инновациялық өндіріске енуімен байланысты. Білім, ғылым дамыған сайын адамзаттың мәдениеті мен ар-ождан қасиеттері де бірге дамыйтыны сөзсіз. Бірақ та бұл процесс қайшылықсыз емес, керісінше өте күрделі және де қайшылықтарға толы. Мұның класикалық көріністері дамыған елдердің тарихынан және де күнделікті тіршіліктерінен көре аламыз. Бұл елдерде ашылған білім мен ғылым жаңалықтары қоғамға мүлдем белгісіз қауіп пен қатер ді қоса ала келеді. Сондықтан да бүкіл азаматтық қоғам, өкімет болып бірлесе отырып оларға қарсы күрес жүргізіп, арнайы жүйелі шараларды іске асырып отырады.

Біздің мемлекетіміз кеше ғана тоталитарлық жүйеден босанғандықтан біздің дамуымыз дамыған елдердің ықпалыменен, соның ішінде сол елдердің білім, ғылым жетістіктерін пайдалануменен жүретіні заңды да. Бірақ та бұл процестің келеңсіз жақтары да жоқ емес. Біріншіден, мұндай жағдай жасампаздықтан мүлдем айырып тек қана қайталаушы және орындаушы қасиеттерді дамытады. Екіншіден, өзімдік даралықтардан айырады. Үшіншіден, білім, ғылым жетістіктері тудырған дамыған елдер қарсы тұра алатын келеңсіз жағдайларға біз барлық жағынан даяр бола алмаймыз. Соның салдарынан сол жағымсыз жайларды бойымызға сіңіріп аламыз. Мысал ретінде алатын болсақ батыстың «тобырлық мәдениетін» қабылдауымыздың көрінісі жеткілікті деп ойлаймын. Мұнан әрине ол елдердің жетістіктерін қабылдау керек деген тұжырым мүлдем туындамауы керек. Мәселе сол жетістіктерді жасампаздық тұрғыдан қабылдау. Әлемде ондай тәжірибе аз емес. Мысалы, Жапония, Финляндия, Оңтүстік Корея, Малазия және т.б.

Осы мәселелер біздің жағдайымызға байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2012 жылғы Жолдауында нақты айтылған болатын. Жолдаудың Қазақстандағы адам капиталының сапалы өсуі атты 7 мәселенің 6-шы бабында былай көрсетілген: «оқыту процесінде тәрбие компонентін нығайту. Патриотизм, мораль мен ар-ождан

нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттық, дене шынықтыру мен рухты дамыту, заңды құрметтеу.» /1.5/.

Яғни білім мен тәрбие арасындағы алшақтылықты жою. Енді осы мәселеге тереңірек үңілетік. Кезінде білім беру мен тәрбие мәселелерін зерттеп қана қоймай одан жасалған тұжырымдарды іске асырмақ жолында орасан еңбек еткен орыстың ұлы ойшылы, гуманист, атакты жазушысы Л.Н.Толстойдың ой-толғауларын қарастыралық. Ол тәрбие мен білімге байланысты ойларын былай бастайды: «Тәрбие, білім тіптен оқыту сөздері нақты анықталмаған, бір бірімен араласып кеткен көптеген сөздердің қатарына жатады.

Педагогтар ешқашанда білім мен тәрбие арасындағы айырмашылықты мойындамайды, бірақ та білім, тәрбие, оқыту немесе сабақ беру деген сөздерді қолданбай өз ойларын жеткізе алмайды. Бұл сөздерге сай айырықша ұғымдар болуы қажет. Бұл ұғымдардың өзіндік өмірлері бар, сондықтан олардың әр қайсысы бөлек өмір сүруге құқықты.

Германияда осы ұғымдар нақты бөлінген- Erziehung /тәрбие/ және Unterrichts /оқыту/.

Л.Н.Толстойдың түсінігінше «...Тәрбие зорлық арқылы, бір адамның екіншіні адамды өз ұғымына сай жақсы адам жасау; ал білім /образование/ еркін арақатынас, бір адамның ақпаратқа ынтазарлығын екіншісі сол ақпаратты білгендігінен екіншіге беруі.

Білім /образование/ өз құрамына ғылыми білімді, өнерді және дене шынықтыруды енгізеді.

Білімде /образование/, біріншіден, зорлық мүлдем болмайды, екіншіден, зорлық ешқандай жағымды нәтиже бермейді, ал алда –жалда берсе жағымсызды тудырады, үшіншіден, зорлықтың тек өзім білемдіктен басқа ешқандай негізі болуы мүмкін емес.» /2.31-34/.

Л.Н.Толстойдың сол кездегі тұжырымынша білім берудегі тәрбие зорлық. Ол кезіндегі университеттердегі білім беру жүйесін сынай келіп нағыз университеттер деп адамдар өз ара қалыптасу үшін құрылған қауымдастықтарды мысалға келтіреді. Осындай қауымдастықтарда адамдар жыйналуының және талқылаудың ережелерін жасап бекітіп, түсінуге тырысатын мәселелерін оқып, талқылау арқасында өз ара білімденеді /образовываются/. Орыс тіліндегі образование қазақша білім деп аударылып өз мағанасын толық аша алмайды.

Кейіннен ол білім мен тәрбиенің бірге қауышуын мойындайды. Жалпы тәрбиеге байланысты Л.Н.Толстойдың негізгі ойлары келесі: тәрбие деп баланың үйлесімді рухани дамуына, өзін-өзі дамытуға жағдай жасау. Тәрбиенің мазмұны педагогтың баланың болмысының негізгі жауаптарына онымен бірге жасампаздық іс әрекеттер арқылы жауап іздеу. Рухани тәрбиенің негізгі талабы -тәрбиешінің баланы шынайы беріліп сүюі және де сол арқылы баланың өзін- өзі дамыту, өзін- өзі тәрбиелеу, өзін- өзі шындау қасиеттерін қалыптастыру./3.4/.

Л.Н.Толстойдың білім мен тәрбиеге байланысты қағидасы баланың жасампаздық , еркіндік қасиеттерін сақтау, оларды дамыту. Қазіргі заманның талабы да осыған сай.

Ұлы Абайдың ой толғаулары да осы сарында. Оның «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге», -деген бір шумағы білімнің адамның бойындағы қасиеттерін ашуға,

дамытуға бағытталғанын көрсетіп тұр.

Қазіргі постиндустриалды қоғамның тәрбие саласындағы мақсаты балалардың бойларындағы жеке даралық қасиеттерді дамыту, олардың жасампаздық мүмкіндіктерін ашу, азаматтық ұстанымдар қалыптастыру, рухани ар-ождандық мәдениетпен үйлесімді қауыштыру.

Дегенмен де білім, білім беру мен тәрбие процестерінің өзіндік болмыстары да бар. Білім міндетті түрде тәрбие мәселесімен айналыспауы да мүмкін. Қазіргі кезде білім беру қызмет көрсету саласының біріне айналып отыр. Ресей ғалымы Олег Арип Батыстағы ақылы оқу жүйесіндегі өз тәжірибесімен бөлісе келіп оқытушылардың қаржылай студенттерге тәуелді болуы арқасында ешқандай сапалы білім мәселесі туындауы мүмкін еместігін алға тартады. Қаржы куюшы студент болғандықтан, оқытушылар солардың ығына көнуге тиісті. Дегенмен де Батыстағы ең үздік университеттерде жағдай мүлдем бөлек дейді ол. Ол жерде білім, ғылым, зерттеу бірге жүреді. Осыған байланысты ол Москваның ұлттық университетінің жылдық бюджеті 30 млн долл. болса, американдық орта кол университеттердікіе 800 млн долл., ал алдыңғы қатарлыларыныкіе 3 –тен 5 млрд долл. екенін келтіреді. Яғни мемлекеттің білім жүйесін дамыту үшін қомақты қаржысы болуы қажет. Ресей өкіметінің жылдық бюджеті бар болғаны 30млрд долл. /4.8/. Ал біздің қаржы жағдайымыз Ресеймен салыстыруға тіптен келмейді. Сондықтан мәселе өкіметіміздің бар қаржы көлемінде мәселені тиімді шешу жолдарын қарастыру. Бұл жол

мәселені түбегейлі шешпегенімен де осы жолда алға қарай даму екені сөзсіз. Келе келе өкімет білім беру саласын әлемдік талаптарға сай қаржыладырады деген сенімдеміз. Өкіметтің әлемдік үздік жоғарғы оқу орындарына сай университеттер қалыптастыру, Назарбаев зияткерлік мектептер ашу осы бағыттағы ізгі шаралар.

XXI ғасыр жаһандану ғасыры. Сонымен қатар адамзаттың, қоғамның, жеке адамның субъектілік мүмкіншіліктерін дамыту ғасыры. Сондықтан білім беру процесіне қоғамдық пікірдің атқаратын ролі зор. Қоғамдық пікір өсек, аян емес. Ол сол нақты қоғамның әр мәселеге байланысты қалыптасқан пікірі. Ол көп қатпарлы, кей жағдайда бір – бірімен қайшы келетін пікірлер жиынтығы. Ол пікір келе келе ұстанымдарға айналуы мүмкін. Қоғамдық пікір жалпы қоғамда болып жатқан процестер негізінде қалыптасады. Сондықтан да қоғамдағы әр есті азамат өз тәжірибесі арқылы қоғамдық пікірді анықтап, оған өз тұрғысынан коррекция жасап отырады. Сондықтан да қоғамдық пікір жеке адамның пікірінен тыс абстрактілі пікір емес. Керісінше жеке адамдар пікірі арқылы тереңдеп, ауқымы кеңейіп отыратын феномен. Әрине жеке адамдардың қолы жете бермейтін немесе талдап, қорытуға шамасы келмейтін жағдайларда ресми немесе бейресми ақпарат құралдарының ролдері зор. Мұндай жағдайларда қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы қоғамның санасымен манипуляциялар жасалады. Мұндай жай жабық, тоталитарлық қоғамдарға әсіресе тән.

Дамыған мемлекеттерде қандай да болмасын қоғамға аса маңызды мәселелер міндетті түрде қоғамда әбден талқыланып, соған байланысты шешімдер қабылданып, қоғамдық пікір тұрақталады. Сондықтан да мұндай пікірдің қоғамның дамуына немесе кері кетуіне тигізер әсері мол. Қоғамдық пікір арқылы қоғам өзінің біртұтастық деңгейіне көтеріледі. Қоғам өзін анықтайды, өзімдік Менін қалыптастырады. Қоғамдық пікірді заттық немесе материалдық өлшеммен өлшей алмайсың, ол одан жоғары, өйткені ол рухани әлем, символикалық салаға жатады. Қоғамдық пікір қаншалықты қуатты екенін біз әр қайсымыз өз тіршілігімізден, тәжірибемізден де көре аламыз. Соның келеңсіз жайлары біздің жеке басымызға да, бүкіл қоғамға да кедергісін тигізуде. Біз оны білім мен тәрбиеге байланысты қарастырамыз.

Оқу процесінде субъект ретінде оқушылар, ата-ана, мұғалімдер қатынасады. Сондықтан да осы үш топтың тәрбие мәселелері пікірлері өте маңызды. Ал осы үшеуінің өздерінің ішінде оқушылардың пікірлерінің орны бөлек, өйткені солар арқылы нәтиже көрініс табады. Осыны нысанаға ұстап біз СДУ студенттерінен өздері оқыған мектептеріндегі тәрбие мәселелері бойынша ретроспективті эссе жаздырдық. Эссе жазуға 200 шамасында студенттер тартылды. Олар негізінен инженер, экономика және филология факультеттерінің студенттері. Географиялық қамтуға келсек республикамыздың барлық аймағы қамтылды деуге болады. Эссенің максаты студенттердің өздері еркін түрде оқу процесіндегі тәрбиенің келесі компоненттерінің патриотизм, мораль мен ар-ождан нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттық, дене шынықтыру мен рухани даму, заңды құрметтеудің іске асырылуы және де оларды ата-ана, оқытушылар және сыныптастар тұрғысынан талдау. Сонымен қатар осы процестерді көрсетілген ата-ана, оқытушылар мен оқушылардың біріге отырып іске асыруын «бес» баллдық жүйе арқылы бағалау. Менің алдын ала жасаған болжауым бойынша студенттердің көптеген мәселелерге көңілдері тоймайтын шығар деген едім. Эсселер оны дәлелдемеді. Керісінше, олар жалпы мектептеріндегі тәрбие жұмыстарына көңілдері толатындарын жеткізді. Бұған екі себеп болуы мүмкін, біріншісі, студенттердің басым көпшілігінің арнайы дарынды метептерден, немесе қазақ-түрік лицейінен болғандықтары. Екіншіден, олардың өз дәрежелерін әлемдік талаптарға сай талдауға мүмкіншіліктерінің және тәжірибелерінің жетіспеуі, болмауы деп білемін. Олардың түсініктері өздерінің болмыстарының шеңберімен шектеулілігі. Бұл жалпы тұжырым. Ал енді тәрбие компоненттерінің әр қайсысына тоқталатын болсақ онда патриоттық, ұлтаралық түсіністік пен толеранттылық жоғары бағаланды. Танертең көк байрақтың аясында мектеп директорлары бастап бүкіл мектеп бір тұтас болып жұмылып сол қолдарын жүрек тұсына қойып ән-ұранды шырқауыларынан алған сезімдерін сөзбен айтып жеткізуге болмас. Ұлтаралық қатынастар мен толеранттылыққа байланысты шаралар өте тиімділігін көрсетіп отыр.

Бұл конференция құқыққа байланысты болғандықтан заңды құрметтеуге байланысты тәрбиеге тоқталайын. Студенттердің басым көпшілігі бұл мәселе бойынша сыни көзқарастарын айтпаса да «орташа» бағалады. Осыған байланысты бір студенттің жазғанынан үзінді келтірейін:

«Отбасымда ешкім заңға қайшы әрекет жасап көрген емес десем, жалған болар еді. Бірақ өрескел заң бұзушылық жасағандарын көрген де естіген де емеспін.

Мұғалімдерге келсем заңды аса құрметтейді деп те айта алмаймын...

Сыныптастарым да заңды аса құрметтейді десем қателескен болар едім...»-деп келіп бұл позицияға 2 балл қойыпты.

Енді біріне тағы сөз берелік: «Занды құрметтеу ол сол мектептегі тәртіптерді ұстауменен басталады. Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», - деген пәкыл сөз біздің мектепке кіре бергенде ілініп тұратын. Мектебіміздің директоры өте қатал адам болатын, ол кісіден бүкіл ұстаздар мен оқушылар қорқатын. Себебі ұрысқанда кез-келген адамды жерге тығып жіберетін. Ал күнделікті таңғы сабағымызға кешігіп келетін болсақ сөмкелерімізбен мектеп ауласында 3 айналым жүгірткізетін, қыс болсын, жаз болсын бәрібір. Менің ойымша, қорқыта отырып тәрбиелеу қателік. Қорқып бағынуды емес, құрметтеуді үйрете білуі керек сықылды» -деп 2 балл қойыпты.

Қоғамдық пікірдің заң саласына келтірген үкімі әзірге осылай болып тұр. Мәселе өзгерістің қаншалықты тез келуінде. Бұл тұрғыдан қоғамдық пікірдің еліміздің бұқаралық ақпарат алаңына тұрақты және жүйелі орналасуына тікелей байланысты. Өйткені қоғамдық пікір тек қана болып жатқан қоғамдық процестерді сипаттап қане қоймастан, оны өзгертуге де қуаты да, құдіреті де жетеді. Міне сондықтан да көтеріліп отырған мәселенің қазақ қоғамы, елі, мемлекеті үшін алатын орны ерекше.

Қорыта келе жасайтын тұжырымымыз:оқу процесіндегі тәрбие компоненттерін нығайтудағы қоғамдық пікірдің ролі зор, сондықтан да оны зерттеп, қоғамды дамытудың қуатты және мәдениетті құралына айналдыру қажет.

Пайдалынған әдебиеттер:

1.Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты. Егемен Қазақстан,29 қаңтар, 2011.

2.rvb.ru/Tolstoy/01text/vol_16/01text/0342.htm

3.www.serdevedenie.narod.ru/hrist/Tolstoy/tolstoy2.htm

4.olegarin.com/olegarin/Problemy_obrazovania_v_Rossii.html

Қазақ мақал-мәтелдеріндегі ойлаудың өрнегі

Рысбеков Қ.Қ.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Философия және саясаттану кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Халықтың дүниетанымына, уақыт талаптарына, өмірлік тәжірибелеріне орай қалыптасқан түрлі дәрежедегі мақал-мәтелдер, шешендік сөз үлгілері өте көп. Онда мінез көріністерін жеткізу, өмірлік оқиғаларға лайықты сөз санғау т.б. сияқты құбылыстар қарастырылады. Сондықтан да мақал-мәтелдерді тек философиялық ойлау жүйесі ретінде ғана емес тарихи құбылыс ретінде қарастырудың өзіндік шарттары бар. Көркем ойлау үлгісінің тегін сараптауда тарихи этнография, фольклортану деректеріне сүйену табиғи қажеттілік. Әсіресе тұрмыс-салтқа, ертегі мен жыр-дастандардағы ойлау үлгісінің түп негізін іздегендегі тәсіл ерекше ұтымды болар еді деп ойлаймын.

Мақал-мәтелдердің қадыр-қасиеті қысқа-нұсқа өмірлік тұжырымдар жасаумен оміртанытқыштық қызметінде. Ғасырлар бойына ойлау үлгісінің сергектік қасиетін танытатын мақал-мәтелдер мен қара өлеңдер ауыздан-ауызға құйма алғындай, асыл сөздің арнасындай, дүниені, өмірді көркем танудың биік үлгісі болып қала береді. Торыққанда, қайғы-мұңға батқанда жапыңа жалау болып бойыңды сергітін, тәтті сөзді есіткенде тұшынып өмірдегі әділеттіліктің адамгершіліктің барлығына сенімділік біндіріп, айтылған мақал-мәтелдердің сол сенімділіктің жемісі болып табылатынына көзін жетіп өнердің қадыр-қасиетіне тәнті боласын. Халық лапалығынан пәр алған өнер туындылары әрі тағлым, әрі сұлулықты, адамгершілікті сезіну